

МЕМОРАНДУМ
кәсіби-әлеуметтік әріптестік туралы «Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған
облыстық арнайы кешен «мектеп-интернат-колледжі» КММ және
Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының «Орал «Сервис»
технологиялық колледжі» МКҚК

Орал қаласы « 20 » 02 2023г.

«Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған облыстық арнайы кешен «мектеп-интернат-колледжі» КММ, бір жағынан басшысы **Ғұбаш Арыстанбек Нұхқалиұлы**, бір жағынан Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының «Орал «Сервис» технологиялық колледжі» МКҚК, екінші жағынан басшысы **Искалиева Айгуль Бисенбаевна**, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталады.

- Қазақстан Республикасының оқу орындары арасында орта кәсіптік, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы шартты іске асыру мақсатында;
- ҚР Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын іске асыру мақсатында;
- оқу орындарының шығармашылық және кәсіптік-әлеуметтік ынтымақтастығы олардың білім беру жүйелерін дамытуға және жетілдіруге, ғылыми зерттеулер деңгейін арттыруға және білікті кадрларды даярлау сапасын арттыруға ықпал етеді деген алғышартты негізге ала отырып, төмендегілер туралы келісімге келді:

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Тараптар Қазақстан Республикасының заңдарын және басқа да нормативтік-құқықтық актілерін басшылыққа алады.
- 1.2. Бұл Меморандум екіжақты қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді. Меморандумның қолданылу мерзімі шексіз.

2. МЕМОРАНДУМНЫҢ МАҚСАТЫ

- 2.1. Меморандумның негізгі мақсаты тараптардың жарғылары негізінде және қолда бар мүмкіндіктер шеңберінде – оқыту жүйесін жетілдіру, оқытушылар құрамының біліктілігін арттыру, оқу, тәрбие және ғылыми – зерттеу қызметінде жаңа технологиялар мен озық тәжірибелерді беруде ынтымақтастық жүргізу.
- 2.2. Осы Меморандум шеңберінде бірлескен ынтымақтастық мынадай бағыттарда жүзеге асырылатын болады:
 - 2.2.1. «07230100 Тігін өндірісі және киімді модельдеу» мамандығы бойынша педагогтар арасындағы байланысты ұйымдастыруға қатысу.
 - 2.2.2. Бірлескен ғылыми-әдістемелік семинарлар, әдістемелік апталар, конференциялар мен симпозиумдар өткізу.
 - 2.2.3. Педагогтардың ғылыми еңбектерін жариялау, жоспарланған ғылыми конференциялар, семинарлар, кеңестер туралы уақтылы хабардар ету және оларға меморандумға қатысушы оқу орындарының өкілдерінің қатысуы үшін жағдайлар жасау.
 - 2.2.4. Өзара қызығушылық тудыратын ғылыми зерттеулер саласында, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін проблемалық зертханалар мен тірек алаңдарын дамыту саласында жүзеге асырылған ынтымақтастық.
 - 2.2.5. Оқу-тәрбие процесінде цифрлық білім беру контенттерін пайдалану, әдістемелік апталарды, көрмелерді, семинарларды, ғылыми-практикалық конференцияларды, симпозиумдарды бірлесіп ұйымдастыру.
 - 2.2.6. Педагогтар құрамының біліктілігін арттыру курстарын өткізуде өзара көмек көрсету, оқытудың озық әдістерін дамыту тәжірибесімен алмасу, мәдени және

- тілдік бағдарламалармен алмасу, бірлескен білім беру және ғылыми жобалар мен бағдарламаларды жүргізу.
- 2.2.7. Бірлескен жобалар шеңберінде колледж педагогтарының жұмыстары негізінде әдістемелік жинақтар мен оқу құралдарын шығару.
- 2.2.8. Осы Меморандумға жеке, қосымша шарттар негізінде тараптар мекемелерінің базасында Тараптар педагогтарының өзара бірлескен тағылымдамалары.
- 2.2.9. Осы Меморандумға жеке, қосымша шарттар негізінде оқу, оқудан тыс және басқа да іс-шаралар шеңберінде білім алушылармен алмасу.
- 2.2.10. Жоғарыда көрсетілген бағыттар шеңберінде жүзеге асырылатын бірлескен ынтымақтастық жеке жасалатын және келісілетін бекітілген жоспар негізінде өзара келісіммен бекітілген мерзімдерде жоспарланады, орындалады.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛЫ

- 3.1. Осы Меморандум шеңберінде Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын, сондай-ақ басқа да нормативтік-құқықтық актілерді басшылыққа алады және теңдік, ашықтық және парасаттылық қағидаттарында өзара іс-қимылды жүзеге асырады.
- 3.2. Тараптар туындаған мәселелерді қарау және бірлескен іс-қимылдар жүргізу үшін келіссөздер жолымен осы Меморандумның тармақтарын орындау мәселелері бойынша бір-бірімен өзара іс-қимыл жасайды.
- 3.3. Осы Меморандумның ережелерін жүзеге асыру кезінде тараптар бір-біріне берілетін ақпараттың құпиялылығына кепілдік береді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, олар алған ақпаратты үшінші тұлғаларға жария етпеуге және бермеуге міндеттенеді.

4. ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ

- 4.1. Осы Меморандум шеңберінде кәсіби-әлеуметтік әріптестікті жүзеге асыру үшін. Тараптар зияткерлік меншік құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді.
- 4.2. Авторлық және зияткерлік меншік құқықтарын қорғау үшін кәсіби әріптестік шеңберінде бірлескен жұмыс нәтижелері бойынша тараптар екіжақты шарт жасасады.

5. БАСҚА ШАРТТАР

- 5.1. Осы меморандум бойынша барлық өзгерістер мен толықтырулар тараптармен келісім бойынша жазбаша нысанда ресімделеді.
- 5.2. Меморандумның мәтіні әр тарап үшін мемлекеттік және орыс тілінде екі данадан жасалды.

Білім беру ұйымы:

БҚО ӘББ «Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы облыстық кешені «мектеп-интернат-колледжі» КММ

Индекс 090014
Мекен-жайы: БҚО, Орал қ., Женис ш/а,26
тел/бух: 22 72 41, тел/факс: 22 72 41.
БСН 630740000045
Эл.пошта:shkola-internat15@mail.ru

Басшы:


А.Н. Ғұбаш

Білім беру ұйымы:

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының «Орал «Сервис» технологиялық колледжі»МКҚК

Индекс 090003
Мекен-жайы: БҚО, Орал қ., Циолковский көшесі,26
Тел.:8(7112)23-31-48
БСН 930 240 000 119
Эл.пошта:pl2zko@mail.ru

Басшы:


А.Б.Искалиева